

"Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N№А-5/152 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы N А-2/21 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 12 ақпанда N 3213 тіркелді.

« "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N№А-5/152, Ақмола облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 18 мамырда N№3132 болып тіркелген, "Ақмолинская правда" газетінде 2005 жылғы 2 маусымда жарияланған қаулысына , "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N№А-5/152 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N №А-12/357 қаулысымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар есепке алына отырып (Ақмола облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 07 желтоқсанда N№3164 болып тіркелген, N№150 "Ақмолинская правда" газетінде 2005 жылғы 22 желтоқсанда жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

к і р і с п е д е г і :

", 2005 жылғы арналған облыстық бюджет туралы"»облыстық мәслихат сессиясының 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 3С-9-4 шешімінің негізінде" сөздері а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесінде:

2 - т а р м а қ т ы ң :

3-тармақшасы жаңа редакцияда берілсін:

3) "еңбек ардагерлеріне";

4-тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің м.а.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК